

Корей және қазақ поэзиясындағы символдық ұғымдар

Аннотация. Мақалада корей және қазақ халқының әлемді тәңті еткен ұлы ақындардың бағалы поэзиясы туралы қарастырыла отырып, О. Сүлейменовтің және корей халқының Ким Со Воль, Хан Ён Ун секілді ұлы ақындарының нәзік әуенмен тебірене жырланған әсем өлеңдері кеңінен талданды, корей халқының басқа да ақындарының натурализм, гуманизм, романтизм секілді ағымдарында жазған өлеңдері туралы айтылды.

Кілт сөздер: *әлем әдебиеті, корей әдебиеті, қазақ поэзиясы, жазба әдебиет дәстүрі, символизм, сиджо стилі, әдеби ағымдар, формалар, көркем суреттеу.*

Әлем әдебиетіне өз үлесін қосып келе жатқан өзіндік көркем стилімен әуені бар ұлы мұра ретінде саналатын корей поэзиясы бүкіл адамзатқа өз жемісін беруде. Корей халқының қайғы-мұңын, көз жасын олардың ақындарының өлеңдерінен кеңінен байқауымызға болады. Корей халқына тән хан сезімін, жан күйзелісін де тек олардың бай поэзиясын оқу арқылы сезінуге болады. Корей әдебиеті негізінен жаңа екі кезеңге бөлінген, олардың біріншісі – 1910 жылдардан кейінгі жаңа кезеңдегі поэзия болса, екіншісі 1945 жылдардан кейінгі жаңаша кезеңдегі поэзия. Жаңа уақыт кезеңінде корей әдебиетіне батыс еуропа әдебиетінің символизм, натурализм, гуманизм, романтизм сияқты ағымдары кеңінен еніп, корей ақындарының жаңа формада, жаңа стилде жазылған өлеңдерінің жарыққа шығуына септігін тигізді.

Қай заманда да, қай қоғамда да қаламгердің өзіндік қолтаңбасын, өнердегі өзіндік бағытын айқындау – қандай ағымда немесе қандай көркемдік әдіс тұрғысынан қалам тербегендігімен тікелей байланысып жатады. Әлемдік әдебиетте қалыптасқан жүйеге назар аударатын болсақ, әрбір әдеби ағымның көркемдік әдістің туу, қалыптасу тарихы бар.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазба әдебиет дәстүрі жоғары көркемдік деңгейге көтерілген кезеңдегі қазақ поэзиясында ұлттық сипаттағы таза символ мысалдары көрініп, символизмге бой ұру байқалды. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем символдарды зерттеу барысындағы ізденістердің бастауы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышының» терминологиясына жүгінсек, символды бернелеу деп атаған: «Қазақтың бернемен сөйледі деуінің өзі иә, пердемен жасырып сөйледі, иә, бернемен суреттеп сөйледі дегеннен шыққан боларға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, өйткені бернемен сөйледі деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады. Бернелеу – сол мағынасы жасырын сөздің өзі. Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады» [1, 349].

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік бейнешілдік стилімен дараланған Мағжанның жанашылдығы әлем әдебиетіндегі символизмнің пайда болуымен де байланысты. Символизм әдеби ағым ретінде ерекшеленбестен бұрын рәміздік мәні, философиялық астарымен дараланған. Әуелгіде символ ұғымы құпиялы, шартты мағынаға ие кез келген заттық белгіні білдірген. Қазіргі уақытта символ ұғымы философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифпоэтика, фольклористика, мәдениеттану, лингвистика, т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Символдар осы уақытқа дейін аталған ғылым салалары тұрғысынан жан-жақты зерттеліп келеді. Зерттеушілер символды мәдениетке тән тұрақты құбылыс деп таниды: ”Символ ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелді кешіп өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, символ-мәдениеттің тұрақты элементі“ [1].

Әдебиеттану ғылымында символ троптың бір түрі ретінде танылып, оған мынадай анықтама беріледі: ”Бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу“ [2]. Әдебиеттанудың терминдер сөздігінде ”Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Мысалы, гүл-жастықтың символы, ал көгершін – бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ тұспалдауға (аллегорияға) өте жақын келеді“ деген тұжырым берген [3]. Символизм алғаш әлем әдебиетінде романтизммен бірге болды. Кейін романтикалық сарын өршіл және кері тартпа болып екіге бөлінгенде, ойды бейнелеп жеткізуде шындық пен жалғандықтың ара салмағын өлшеп көрсететін әдеби құралға айналып, XIX ғасырдың ортасында әдебиетте романтикалық сарын мен реалистік шындыққа қосымша – жаңа әдеби әдіс болып, Европа және орыс әдебиетінде қалыптасады.

Қоғамдағы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, бірде күшейіп, бірде жоғалып отырады. Оны пайдаланушылардың да көзқарастары әр түрлі болады. Өмірдің шындығын шығармада ашып жазудың қажеті жоқ, оқыған адам қалай қабылдаса солай болуы керек дегендер, сөз сиқыры арқылы айтпақ образды ойларын оқырман санасына сендіру арқылы жеткізіп, қайғыртып, қуантып, түрлі көңіл күйге бөлеуі керек деушілер де табылды. Символизмге: «Оқырман мен суреткерді жақын табыстыратын тәсіл», - деп А.Толстой жоғары баға береді. Символизм күш ала келе әдеби стиль ғана емес, қоғамда өзгерістер жасайтын саяси қару, экономикасы тұралап жатқан елдердің, ішкі ынтымағын ыдыратып, төңкеріліс жасап, басып алу мақсатындағы соғыс тәсіліне де

айналады. Ол мақсаттарды іске асыру үшін мағынасыз қимыл мен жекелеген сөздерді пайдалану арқылы санаға әсер етіп, адамдардың ашу-ызасын қоздырып, қытығына тиген. Сондай-ақ символизм – қоғамдық басқару жүйесіндегі кемшіліктер мен көзқарасы келіспегендерді қоғамнан аластаудағы, қоғамдық бәсекелестік күшейгенде, тәртіп сақшыларының қолданған қаруы да болған. Бұдан символизмнің үлкен күрделі процестерді бастан кешіп, дамып келе жатқандығы, оның өміршеңдігі ғана емес, тағдырының да көп жағдайда қоғамдық билікпен тікелей байланысты болғандығына дәлел. Себебі ашық айтылған ой бақылауға алынып қудаланса, баспасөзде жазылған пікірлерді цензура жібермеді. Осыдан келіп мағынасы сырғымалы, ойы екі ұшты, тұманды тұйыққа тірейтін, абстрактілі, философиялық шығармалар пайда болды. Ол бастапқыда поэзияда көрініс берсе, кейін прозаға ауысты.

Ал, З. Қабдолов символды «астарлау» деп беріп, «бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру» - деп түсіндіреді [1, 219]. Символ дегеніміз, бұл – негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету, ол көбінесе адамның тұрпат-тұлғасын, кескін-кейпін, сымбатын тұтас алып сипаттайды, егер бір белгі-сипатын ғана алса, оны бүтінге балап, тұтас бейне орнына алады. О. Сүлейменов қазақ өлеңіне өзіндік өткір тартыс, сезім күрделілігін әкелумен бірге, оның уақытқа және кеңістікке тән аясын кеңітудің үлгісін көрсете білді. Ол лаулаған алауды, ұшқынды сүйеді. Туындыларының өне бойында – далада да, тауда да, ежелгі керуен сұрлеуінде де – лаулаған алау. Оны:

Қария тарих – қаптаған жалын

Лап етіп жанған түздерде,

Алауға атам қақтаған жанын,

Аңызы қалған біздерге, - деген өлең жолдарынан анық байқауға болады.

О. Сүлейменов өлеңдерінен ақындық арыны, екпіні анық көрініп, оқырманға ой тастар шабытты жолдар арқылы өріле суреттеледі [4].

... Жанып жібер, Жарқылдаған от болсын!

Сілтегенде, қайзаламай, Қақ бөлсін... , немесе:

... Ұшқын шоққа толып кетсін құшағың

Ол – құрыштың, Ол – алмастың нышаны, - деген жолдардың өзі оқырыманды жігерлендіре түседі, қуатты күш береді.

Олжас – қазақ ақындарының ішінде саяхатқа ең көп шыққандардың бірі. Ол Азияда, Таяу Шығыстағы араб елдерінде, Еуропада, Америкада, т.б. елдерде болды. «Кешіп келем, кезіп келем, кезіп келем, шым-шытырық жолдарыңмен», - деп үн қатады ол Жерге. Олжас поэзиясының басты қаһарманы Жер

шежіресіне үңіледі:

Қазып қалшы күрегінмен жер бетін,

Табасың сен көшпелі елдер бабасын.

Қарғап өткен қаніпезер жендетін,

Бабалардың нәлет сөзін табасың,

Тек қарғыс па? Үміт отын табасын, - деп сұрақ қоя отырып, жауап қайтарып, ол болашаққа аттанады:

Жылдар өтер табысар адам баласы,

Қыл өтпестей тату болып арасы... – деп, көрегендік танытып, азамат ұрпағын бірлікке, татулыққа шақырып, философиялық ой толғанысын білдіреді. Қазақстанды суреттегенде Олжас Сүлейменов халықтың өзіне ғана тән қасиеттерін шебер суреттеп, даралай көрсетеді. «Ақсақ құлан» атты өлеңінде жүген-құрық тимеген асау тағылар жүйткіді, бірақ негізгі тұлға – адам. «Құланды да қан майданға ерттейді», - дейді ақын. Ұлы Абайдың қасиетті қабіріне ат басын тірегенде:

...Шыңғыс тауы бөктерінде моласы,

Сарғалдақпен шегеленген төбесі

...Жыр запыранын жұтады екен жұрт содан,

Шөп те сол шақ тұрады екен қалтырап,

Адамдай-ақ улы шарап ұрттаған

Дала мең-зең, сары гүлін шаншып ап, - деген өлең жолдарынан ұлылыққа деген сезім шынайылығын тануға болады. Ақын өлеңдерінде шынайылық, дөп басып суреттеулер басым келеді. Қазақ халқының ұлттық ойындарын көрсетіп, жанды бейнелі суреттерді дамыта отырып, бір сәт көрініс арқылы ақын халық өмірін, оның мінез-құлқын соншалықты шеберлікпен дәл бейнелейді. Мысалы:

...Қарысып қолым сал болды,

Ат сауыры қом болады,

...Жігітке нағыз ер жүрек

Жігітке нағыз көрікті,

Жетпесін қуып мені деп,

Ат емес, есек беріпті... [4].

Ақын сезім түйсігінің шындығымен, ішкі жалынымен, әсершіл сезімді бейнелеудегі сыршылдығымен, тіл байлығымен ерекшеленді. Бірде «қызды қуып жетсем» деген жігіт арманын, енді бірде атын төпелеп ұрып, не істерге білмей дел-сал болған шарасыз жігітті көз алдымызға келтіреміз. Қарапайым өлеңнің әр жолы оқырманын үлкен әсерге бөлейді, күлдіре отырып ойлантады, сол сәттегі жағдайға еріксіз көнген жігіттің мүшкіл халі кімді де болса «әттең-ай» дегізері хақ. Олжас Сүлейменовтің туындыларынан Қазтуған мен Шалкиіздің жыраулық екпіні, Асан қайғы мен Қаз дауысты Қазыбектің

шешендік сарыны, Махамбеттің темірдей тегеуріні мен Абайдың данышпандығының лебі еседі.

Корей поэзиясындағы жаңа уақыт кезеңінің даму жолдары әдеби ағымдар, формалар мен көркем суреттеудің жаңа тәсілдерінің пайда болуымен ерекшеленеді. Корей поэзиясының жаңа уақыт кезеңінің ерекшелігі философиялық үлгідегі шығармалар жазылған. Яғни, өмір, адамның өмірдегі рөлі жайлы терең толғаныстармен ерекшеленеді. Авторлар өзінің күйзелісін, өмірге деген көзқарасын, сан-алуан сезімдерін бейнелейтін шығармалармен таныстырған. Корей ғалымдарының зерттеулеріне сүйенсек, «кындэ» термині - «жаңа уақыт» дегенді білдіріп, «хёндэ» термині - «жаңаша уақыт» немесе «қазіргі уақыт» деп аталынады. «Көне заманнан бастап біздің уақытымызға дейінгі Корей тарихы» деректеріне сүйенсек, Кореядағы жаңа уақыттың басы – XVII ғасырдың ортасы, ал жаңаша уақыттың басы 1917 жылғы Октябрь революциясы кезеңіне жатады. Корей әдебиеті 1920 жылдан бастап формасы, шығармашылық әдісі мен проблематикасы жағынан жаңа уақыт әдебиетінің көрінісі болып табылады. Өзінің пайда болу кезінен бастап жаңа уақыт әдебиеті кезеңінде «синчеси» деп аталынатын жаңа формадағы өлеңдер пайда болды. Ерте кездегі өлеңге қатысты тұрақты ырғақты қолданбай, жаңа формадағы прозаға жақын өлеңдер пайда болды. Бұл поэзиядағы ең үлкен жетістік. Осы уақытта Европа әдебиетінде еркін түрде жазылатын өлең «велибр» деп аталатын әдіс кең түрде дамыса, жапон поэзиясында формасы жоқ жапондық дәстүрлі өлең құрылымына ұқсамайтын өлеңдер пайда болды [2,3].

Осы процестер корей поэзиясына әсер етпей тұра алған жоқ. Поэтикалық шығармалардың мазмұны Кореяның Жапония қол астындағы жағдайын бейнелейтін идеалистік түрде болған. Корей ақындары өз өлеңдерінде ұлттық сананы, ұлтжандылықты бейнелеп көрсеткісі келген. Бірақ Жапонияның қанауында болған сол қиын-қыстау заманда корей ақындарының еліне деген махаббаты жайында, ұлтжандылық жайында, ұлттық сананы ояту мақсатында жазылған өлеңдер көбіне тыйым салынған кезең болған. Алғаш рет «синчеси» стилінде жаңа формадағы өлең түрін жаңғыртқан, сиджо стилінде өлең жазған тарихшы Чхве Нам Сон болған.

Корей поэзиясына батыстың ықпалы тигенімен, ұлттық дәстүрге сүйенген ақындардың өлеңдері қазірге дейін корей халқының жүрегінің түкпірінен орын алған ең сүйікті өлеңдері болып табылады. XX ғасырдың ең атақты корей ақындары Ким Со Воль мен Хан Ён Ун лирикасында халық мұңы бар.

Ким Со Вольдің поэтикасына сол заманға деген ақынның көзқарасымен өмірлік тәжірибесі мол өлеңдер кіреді. Оның өлеңдеріндегі дыбыстық және интонациялық жүйеде сөздердің, шумақтың қайталануы, грамматикалық, синтаксистік параллелизм, анафора, эпифора, аллитерация қолданылған. Ом

Хосок ғалымның айтуынша, Ким Со Воль поэзиясында табиғат ол үшін поэтикалық тұрғыда тебірену де емес, қайғының негізгі құралы да емес, тек эстетикалық арман, мұратын білдіруде септігін тигізген дейді [2,170].

Табиғат арқылы ақын қоғамдағы қайғылы жайтты бейнелей отырып, оны адамның дүниетанымымен жан-дүниесін байланыстыра отырып суреттеп, табиғат көрінісін әсем бейнеленген. Ким Со Вольдің «Тауда гүлдейтін гүл» (산유화) атты өлеңі оның шығармашылығындағы ең танымал өлеңдерінің бірі деп айтуға болады:

김소월 산유화(山有花) 산에는 꽃 피네 꽃이 피네 갈 봄 여름 없이 꽃이 피네.

산에 산에 피는 꽃은 저만치 혼자서 피어 있네.

산에서 우는 작은 새여 꽃이 좋아 산에서 사노라네.

산에는 꽃 지네 꽃이 지네 갈 봄 여름 없이 꽃이 지네. [3].

Бұл өлеңде табиғатта гүлдің жайқалып өсіп барып солатын құбылысы арқылы әлемдегі тіршілік атаулының бәрі де сол сияқты өсіп, жарқырап жайнағанымен, бәрібір бір кезде тіршілік соңына жетіп өлетіні секілді табиғаттың ұлы қағидасын жырлайды. Зерттеуші Ом Хосок өлеңді талдай отырып, табиғат әлемі мен адам әлемі бір бірімен тығыз ұштасқан біртұтас әлем деп тұжырымдайды. Ом Хосок: «Өлеңдегі табиғат образы бізді қайғылы ойға беріліп, азғантай қайғыны сезіндіреді» деп айтқан. Гүл қанша жайнап гүлдегенімен, оның уақыты жеткенде бәрібір солатынынын, оның мәңгілік еместігін, өсе бермейтінін айтады [2,189].

Қорыта келгенде, қазақ әдебиетіне де, сол уақыттағы корей ұлттық поэзиясына зор ықпал жасаған батыс мәдениетін мойындай келе, корей және қазақ әдебиетшілері өз дәстүрлерінен қол үзбей, ұлттық әдебиетіне жаңа формамен жаңа идеялар енгізу арқылы «өз жолын» құрудың уақыты келгенін түсінеді. Осы тұрғыда екі халықтың ақындары да өз ұлттарының ұлттық дәстүрлерін ту етіп халық әндерінің сазды әуенін негізге алып өздерінің дара жолдарын салған талантты ақындары: корей халқының аяулы ақыны Ким Со Воль корей поэзиясына өшпес мұра қалдырса, қазақ ақыны О.Сүлейменов те қазақ поэзиясына өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырды.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
2. Солдатова М.В., Пак К.А. Новая и новейшая литература изучаемой страны. - Москва: Издательство Дальневосточного Университета. - 2003. -645 с.
3. "한국현대시인연구", 도서 출판:월인. 2003; 지은이:오세용;
4. Сүлейменов О.О. Шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер. – Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2016. -448 б.